

**ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН КЕШЕНДІ БІРІКТІРІЛГЕН
БАҒАЛАУ КӨРСЕТКІШТЕРІН ӨЗІРЛЕУ****Жумадилдаева Аяулым Азаматовна**

магистрант, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Темирова Акмарал Болатовна

научный руководитель, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Бұл мақалада инвестициялау және өнімді кепілдендірілген өткізу негізінде жеке қосалқы шаруашылығы жағдайында құс етін өндіру және өткізу бойынша модельді әзірлеу мен енгізудің өзектілігі қарастырылған. Осыған байланысты құс етін ұсақ тауарлы өндіру негізінде жеке қосалқы шаруашылығының іскерлік белсенділігін арттыру моделінің мысалы келтіріледі. Мақала ҚР БҒМ МФ 2020-2022 жж. "Құс етін өндіру мысалында жеке қосалқы шаруашылықтардың тиімді жұмыс істеу моделін әзірлеу" жобасын іске асыру шеңберінде жазылған.

Қазір ауылдардың негізгі проблемасы жұмыссыздық, сондай-ақ ауыл тұрғындарының жартысының болашақта қалаға көшуге деген ықыласы болып табылады. Шын мәнінде, жеке қосалқы шаруашылығы қосымша, сондай-ақ көптеген адамдар үшін жалғыз табыс көзі болып табылады. Осыған байланысты мыңдаған ауыл тұрғындары әдеттегі ауылдық өмір салтын тастап, қалаларға көшуге мәжбүр. Алайда, көптеген қалаларда тұрғын үй де, тұрақты жұмыс та жоқ. Қазіргі уақытта мемлекеттік органдар осы жағдайды шешуге бағытталған бірқатар бағдарламаларды іске асыруда. Осындай тәсілдердің бірі – ауылда кәсіпкерлікті дамыту.

Осы ғылыми жоба шеңберінде жеке қосалқы шаруашылығының өнімдерін өндіру және өткізу жөніндегі әлеуметтік модель (етті құс шаруашылығы мысалында) әзірленген және енгізілген. Бұл модельді енгізу ауылдағы жұмыспен қамту деңгейін арттыру мәселелерін ішінара шеше алады, бұл ауыл тұрғындарының әл-ауқатының өсуіне әкеледі, ал қала тұрғындары жұмыспен қамтылады.

Құс шаруашылығы саласын дамыту - еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі экономикалық негізделген, неғұрлым перспективалы және әлеуметтік тиімді бағыт. Құс шаруашылығын дамыту барысында жобаға қатысқан жеке қосалқы шаруашылықтарының бірі Соболева П., Бердімұратов Н., Зуев А., Зайферт А. және Чалышев А. қатысты.

Зуева А. жеке қосалқы шаруашылығы мысалында 200 бас құстың өсіру мерзімі 2 айды құрады, соның ішінде: бройлерлер 200 бас, құрама жем 1368 кг (престартер 48 кг, стартер 224 кг, бойы 296 кг, мөре 800 кг), ветеринариялық препараттар, азықтандырғыштар мен астаулар, жерсіндіру машиналары, электрондық таразылар, брудерлер 5 бірлікті құрады және тағы басқалары.

Жеке қосалқы шаруашылығы Зуева А. екі ай өсіру үшін 200 құс басынан 398 400 теңге пайда тапты. Бір құстың орташа сойыс салмағы 2,7 кг құрады, сою алдында қалған мал саны 190 құс.

$190 \text{ құс} \times 2,7 \text{ кг} = 513 \text{ кг}$

Шарт бойынша қала тұрғындарына 264 кг берілді, қалған 249 кг құс еті жеке қосалқы

шаруашылығында қалды.

Жеке қосалқы шаруашылығының таза пайдасы:

$249 \text{ кг} \times 1600 \text{ теңге} = 398\,400 \text{ теңге}$ [1]

Зерттеулердің нәтижелері ауылдың жеке қосалқы шаруашылықтарында құс етін өндіруді арттыруға мүмкіндік берді. Жеке қосалқы шаруашылықтардың іскерлік белсенділігі республиканың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылдық аумақтарды, ауылдық өмір салтын, ұлттық тұрмыс пен мәдени мұраны сақтау және дамыту жөніндегі міндеттерді шешу құралы ретінде әрекет етеді. Зерттеу нәтижелері жеке қосалқы шаруашылықтардың дамуын тежейтін негізгі теріс факторларды (проблемаларды), сондай-ақ ауылда бизнестің дамуына ықпал ететін оң факторларды бөліп көрсетуге мүмкіндік берді. Жеке қосалқы шаруашылығында инвестициялау және өнімді кепілді өткізу негізінде құс етін өндіру кезінде әлеуметтік модельдің барлық қатысушыларының өзара іс-қимыл тетігі әзірленді және пысықталды, бұл жеке қосалқы шаруашылықтардың кредит беру (жеке қосалқы шаруашылықтар қызметінің бағыттарын дамытуға бастапқы капитал алу) және өнімді өткізу (модельге инвесторлар тартатын кепілдік берілген) бөлігіндегі маңызды екі проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп " Құс етін өндіру мысалында жеке қосалқы шаруашылықтардың тиімді жұмыс істеу моделін әзірлеу ", ӘОЖ 338.2, № мемлекеттік тіркеу 0120РК 00085 , Нұрсұлтан 2020 , 75 бет